

Дінді зерттеудегі негізгі бағыттар мен мектептер

Орындаған: Айжарық Мұқағали

Жоспары:

- I.Кіріспе
- II.Негізгі бөлім
- Дін термині
- Дінді тану бағыттары
- Діни ұйымдар мен бірлестіктер
- III.Қорытынды

Дін ұғымы

- «Дін» сөзінің араб тіліндегі мағынасы – сыйлық, үкім, есеп, жаза, мойынсұну, бағыну, құлшылық, шариғат, заң, жол, тіпті, кейбір жағдайларда ұлт деген ұғымды да қамтиды. Ал «діннің» термин ретіндегі мағынасын, Алла Тағала тарапынан жіберілген адамзаттың өмір сүруін ретке келтіретін, адамның аса күрделі жан-дүниесіне рухани тірек болатын заңдылықтарды, ақыретте Алланың разылығына кенелумен уәде етілген мәңгілік жәннәттағы қуаныш пен бақытқа жетелейтін жолдарды көрсетеді деп түсіндіруге болады. Сондай-ақ, «дін» ұғымы – адамзатқа пайғамбарлар арқылы жеткен Жаратушыға деген құлшылықтың заңдылықтары мен тәртіптері. Әрине, біз бұл жерде «діннің» ұлан-асыр мағыналық көпқырлылығын барынша синтездеп, негізгі ұғым ретінде ғана келтіріп отырмыз. Асылында, бұл тақырыптың шеңбері мұнымен шектелмейтіні даусыз.

- **Дін-** адамзатты бір бағытқа біріктіретін, рухани байытатын, Жаратушыға деген сенімі. Дін туралы түсінік адамзатта ерте кезден дамыған, және дін түрлері өте көп. Адамзат қабылдаған ең алғашқы діндердің бірі – буддизм. Ал біздің Республикамызда қабылданған заңды дін ислам болып табылады.

- Қоғам өмірі мен рухани болмысы жайында ғылыми зерттеулер жүргізген философтар, әлеуметтанушылар мен дінтанушылар алғашқы діни жүйелер жайында түрлі тұжырымдар айтқан. Әр ғалым өзінің зерттеу нысанының шеңберінде дінге түрлі түсінік береді. Нәтижесінде, алғашқы діни жүйе ретінде, ғалымдар анимизм, тотемизм, натурализм, магия, фетишизм, паганизмдерді бөле-жара атайды. Аталмыш діндер негізінен көп тәңірлік (политеистік) сенімнен тұрады. Ғалымдардың айтуы бойынша, алғашқы қауымдық құрылыс уақыт өткен сайын мәдениеттілікке қол жеткізіп, соңында мәдениетті, өркениетті елге айналғаны секілді, діндер де алғашқыда көп тәңірліктен бастау алып, бертін келе, бір құдайға (монотеизм) сыйынудың қалыптасқандығын айтады.

Дінді тану бағыты

- Дінтану – діндердің пайда болуын, дамуын, қызмет ету заңдылығын, оның құрылымы мен түрлі компоненттерін, көпқырлы феномендерін, қоғамдағы орнын, діндер мен мәдениеттің салаларымен өзара байланысы мен өзара әрекеттестігін зерттейтін ғылым. Дінтану ғылымы алғашында философия, тарих және дін ілімі ықпалымен дамыған. Ал қазіргі уақытта дінтану ғылымы зерттеу тақырыбына байланысты түрлі ғылыми пәндер кешені ретінде танылады.
- Кез келген ғылым даму сатысында өз тарихына үңіледі. Дінтану ғылымы да бұл ерекшеліктерден тысқары қалмаған. Әрбір ғылым өз тарихынан ажырамауы керек, бұл зерттеушілерге пікір мен ақпараттар алмасуға мүмкіндік береді. Кейбір зерттеушілер дінтану ғылымы қазіргі кезеңдегі өзекті сұрақтарға нақты жауап бере алмайды деп санаса, кейбір ғалымдар бұл пікірмен келіспейтіндігін білдіреді.

Дін рәміздері



Діни бірлестіктер

- **Діни бірлестіктер** - діни сенімді уағыздау, тарату мақсатында құрылған. Осы мақсатқа лайықты белгілері: дін тұту, құдайға құлшылық ету, басқа діни салттар мен ырым-жоралғылары бар, сондай-ақ дінге үйрету және өз ізбасарларына діни тәрбие беруге ұмтылатын азаматтардың ерікті бірлестігі. Олар діни топтар (заңды тұлға емес) және діни ұйымдар (заңды тұлға ретінде тікеуден өткен) ретінде құрыла алады. Діни ұйымдар жергілікті (ізін қуған адам оннан кем емес) және орталықтандырылған (құрамында үштен кем емес жергілікті ұйымдар кіретін) болып бөлінеді

Қорытынды

- Қорытындылай келе, дінтану саласы қоғам мен мемлекеттің дүниетанымдық сұраныстары нәижесінде қалыптасты. Мысал ретінде кейбір елдерде ғылыми-философиялық әдістердің орнына саяси секуляризм феномені қолданылғанын айтуға болады. Бұл дінтану ғылымын субъективті көзқарастармен шектей тұрғанымен, оның дамуына да белгілі бір дәрежеде ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Яблоков И.Н.. Религиоведение. – Москва, 1998.151-152 -бет; Günaу Tümer. Abdurrahman Küçük. Dinler Tarihi. 29-бет.
- Мұханмадияр Орынбеков. Қазақ сенімдерінің бастаулары. – Алматы: «Қазақ университеті», 2002. 167-бет.
- Klavuz S.A., Köten A., Çetin O., Algül H. Din kültürü ve ahlak bilgisi. –İstanbul, Байрак баспасы, 1997. 35-бет.